

Бекітемін _____

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі»

ММ, №2 «Айгөлек» бөбекжай
балабақшасы МКҚК меңгерушісі

Б.Бердібаева

«15» _____ 2026 ж

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС –ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №2 «Айгөлек бөбекжай балабақшасы» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметі туралы ереже (бұдан әрі- Ереже) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №2 «Айгөлек бөбекжай балабақшасы» МКҚК (бұдан әрі – балабақша) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруға біріңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленді.
2. Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалардағы ұғымдар қолданылады:
 - 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің балабақша бөлімшелерінің біріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл саласындағы заңнамасын сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
 - 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
 - 3) мүдделер қақтығысы- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың,олварға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымды өкілеттері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған тұлғалардың жеке мүддеклері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;
 - 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық- бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс- әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);